

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№80 (2588) 20/10/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

## ДӘЙКӨЗ

Нұржан КЕЛБҒАНОВ,  
«ҚТЖ – ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС  
АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ:

**“ ЕЛДЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК  
МАҢЫЗДЫ  
ЖҮКТЕРДІ  
ТАСЫМАЛДАУҒА  
АШЫҚ ВАГОН-  
ДАР ЖЕТКІЛІКТІ.  
БҮГІНГІ ТАҢДА  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
БАРЛЫҚ МЕНШІК  
ИЕЛЕРІНІҢ ЖАЛ-  
ПЫ ПАРКІНДЕ 60  
МЫҢДАЙ АШЫҚ  
ВАГОН БАР, СОҢЫҢ  
ӘРБІР ЕКІНШІСІ  
КӨМІР ТАСЫМАЛЫ-  
НА БӨЛІНГЕН ”**

## НОВОСТИ

### ТРАНЗИТ – В ПЛЮС

За январь-сентябрь 2020 года объем перевозок грузов транзитом по территории Республики Казахстан по сети АО «НК «ҚТЖ» составил 15,6 миллиона тонн, что на 28% превышает показатель аналогичного периода прошлого года.

Транзитный грузооборот за данный период составил 29,4 миллиарда тонно-километров, или на 30% больше к аналогичному периоду минувшего года.

За январь-сентябрь 2020 года транзитные контейнерные перевозки достигли 637,2 тысячи ДФЭ (рост на 36% к тому же периоду 2019-го). В том числе по направлениям Китай/Азия – Европа – Китай/Азия – 388,6 тысячи ДФЭ (или на 61% больше, чем за аналогичный период прошлого года); по Транскаспийскому международному транспортному маршруту перевезено 5,4 тысячи ДФЭ, рост на 36% к 2019 году; по маршруту Китай – Иран – Китай контейнерные перевозки за данный период составили 4 тысячи ДФЭ, или 118% к аналогичному периоду 2019 года.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

### АЛГОРИТМ УСПЕХА

Впервой объем контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай через территорию Казахстана превыполнил отметку 400 тысяч ДФЭ. Такого показателя удалось добиться с начала 2020 года совместному предприятию АО «НК «ҚТЖ», ОАО «РЖД» и ГО «БЖД» – АО «ОТЛК ЕРА».

До конца текущего года Объединенная транспортно-логистическая компания – Евразийский железнодорожный альянс – намерена преодолеть рубеж в 500 тысяч ДФЭ. Напомним, суммарный объем перевозок по итогам 2019 года составил 333 тысячи ДФЭ. Грузы из Китая в Европу и в обратном направлении идут через казахстанские пограничные станции Достык и Алтынколь.

Активная деятельность совместного предприятия железнодорожных администраций Казахстана, России и Беларуси как отдельной и независимой бизнес-единицы на рынке перевозок контейнеров началась в 2016 году. За это время АО «ОТЛК ЕРА» удалось достичь рекордных показателей перевозки контейнеров из Китая в Европу, а также успешного технологического взаимодействия с транспортными компаниями как на пространстве колес 1520 мм, так и на соприкасающейся инфраструктуре 1435 мм.

Любовь РОВВА

## КОНФЕРЕНЦИЯ



## ИННОВАЦИОННЫЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ

В формате видеоконференции состоялась разъяснительная встреча в рамках проекта «Внедрение мобильных диагностических средств в рамках АСУ «Магистраль» программы «Цифровая трансформация» АО «НК «ҚТЖ» под председательством и. о. первого заместителя председателя правления Каната Альмагамбетова.

### Асель ШАЙХЫНОВА

Специалисты подробно рассказали коллегам о современных инновационных способах диагностики пути и ответили на вопросы присутствующих.

Во время своего выступления Канат Альмагамбетов отметил важность данного проекта. Ведь эффективное функционирование железнодорожного транспорта играет большую роль в создании условий для модернизации, перехода на инновационный путь развития и устойчивого роста национальной экономики. Так, в настоящее время одним из важных направлений АО «НК «ҚТЖ» является формирование транзитных маршрутов, вместе с тем проводится работа по расширению пропускной способности магистральной железнодорожной сети и применению вагонов с повышенной осевой нагрузкой.

Эффективное применение средств диагностики является одним из важнейших условий обеспечения безопасности движения поездов и бесперебойной работы. И на сегодняшний день в рамках государственной программы «Цифровая Казахстан» реализуется проект «Внедрение мобильных диагностических средств в рамках АСУ «Магистраль». Целью проекта является повышение уровня безопасности движения поездов за счет своевременного выявления неисправностей пути и дефектов рельсов, а также

проведение комплексной диагностики пути для перехода на ремонт по фактическому состоянию пути, – отметил Канат Альмагамбетов.

На данный момент диагностика инфраструктуры магистральной сети проводится 6 единицами новых МДК вместе с уже имеющимся одним МДК, поставленным в рамках научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ АСУ «Магистраль» в 2015 году.

Внедрение МДК дало положительные результаты. Достигнуто увеличение производительности труда и норм выработки мобильных средств диагностики в два раза за счет автоматизации процессов обработки данных диагностики и повышения скорости контроля состояния объектов инфраструктуры путевого хозяйства. При этом важно, что МДК позволяют проводить комплексную диагностику железнодорожной инфраструктуры, обработку оперативных данных диагностики в реальном времени. В дальнейшем планируется передача данных в режиме «онлайн» в ремонтные предприятия для своевременного устранения неисправностей.

Заместитель директора по эксплуатации филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Төлеубай Кенжебеков рассказал, что проект стартовал 2 мая 2019 года.

– За период с мая 2019-го по август 2020 года МДК продиагностировано 247 874 километра пути, обнаружено 1 194 опасных острodefек-

тных рельса, то есть предотвращено 1 194 места излома рельсов, – сообщил он.

Также в рамках реализации проекта и внедрения новых МДК с мая 2019 года введено в работу программное обеспечение КАПС-БП по контролю и анализу предотказного состояния бесстыкового железнодорожного пути.

– По результатам работы программного обеспечения КАПС-БП за период с мая 2019 года по август 2020-го выявлены 32 места с недопустимым и более 2 000 мест с предотказным состоянием пути. Вышеуказанные результаты позволили своевременно выявить места с напряженным состоянием рельсовых плетей и принять меры по их устранению, – сказал Төлеубай Кенжебеков.

Также, по его словам, в рамках данного проекта предусмотрена поэтапная оптимизация устаревших съемных двухниточных дефектоскопов без регистраторов, оптимизация путеизмерительных вагонов, далее – переход на новую систему диагностики путевого хозяйства.

В свою очередь, директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики пути», директор проекта Аслан Акашов отметил, что для подготовки специалистов на МДК обучены 114 человек. Дальнейшая задача – используя результаты работ мобильных диагностических комплексов и квалификацию обученных специалистов перейти на ремонт по фактическому состоянию пути.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

## ВАГОНДАР ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Қылышын сүйретіп қыс та келе жатыр. Сол себепті қазір теміржол саласының әртүрлі қызметінде еңбектің тайқазанын қайнатқан кәсіпорындар алдағы қатал маусымға дайындықтарын тағы бір пысықтап, әрекеттерін жасап жатыр. Солардың қатарында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Солтүстік» филиалы да бар. Биыл аталған филиал 294 вагонды қысқы тасымалға дайындапты.

### Сұлутұл БАКЕСОВА

– Біз жолаушыларға теміржол көлігі қызметін ұсынамыз. Сондықтан вагондарымыз қыс маусымында жылы болып, қатал маусымда қалтқысыз қызмет ету керек. Осы мақсатта біз биыл 2217 вагонға техникалық қызмет көрсетіп отырмыз. Соның ішінде ТО-3 қызметінен 80-ге жуық вагон өтсе, ТО-2 қызметінен өтуге тиіс 155 вагонның бүгінде 71%-і дайын болған. Біз вагондарды қыс маусымына дайындау барысында терезе блоктарының жылытылуына, ауа баптау жүйелерін консервациялауға ерекше көңіл бөліп, сумен жабдықтау және жылу жүйелерін тексердік. Сонымен қатар аккумуляторлық батареялардың тығыздығын қысқы режимге алмастырып, эстетикалық түрін жаңарту мақсатында әрлеу жұмыстарын жүргіздік, – деп дайындық жұмыстарымен таныстырды «Солтүстік» филиалының бас инженері А.Әубәкіров.

Оның айтуынша, 2020-2021 жылдардың қыс маусымына кадрлар мен шаруашылықтарды уақыттылы және сапалы дайындау үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасарының №470-ЦЗ бұйрығы мамыр айының соңында шығып, соның негізінде шілде айының ортасында «Солтүстік» жолаушылар тасымалы бойынша аймақтық филиалдың шаруашылықтары мен кадрларын қатал маусымға дайындау туралы ішкі бұйрық шыққан екен. Осы бұйрық шеңберінде біраз жұмыстың басы қайырылыпты. Мәселен,



бірінші «қыстаушыларға» қыс маусымында қауіпсіз еңбек етудің қыр-сырын үйреткен инструкторлар мен сабақтар өткізіліп, тәжірибелі мамандар қасына бекітілген. Сонымен қатар Астана телміндегі АБК, Дезкамералар және гараждар ғимараттарына ағымдық жөндеу жүргізілген. Жылу жүйелерінің қысымын тексеру кезінде 32 ілмекті-реттеуші арматураға тексеру жұмыстары жүргізілген. Жалпы барлық ғимараттағы жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылу беру жүйелерінің қысымы тексеріліп, суды және жылуды есептеу аспаптарының қызметі тексерілген.

«Балқаш станциясындағы қазандықтың

қыс маусымында тоқтаусыз жұмыс істеуіне қамданыс шаруашылық тәсілмен жүргізілді. Қазір қазандық жылу беру маусымына толық дайын. «Теміржолсу» ЖШС-мен жасасқан келісімшарт негізінде көмірдің қажетті көлемі жеткізілді. Біз филиал қызметкерлерін арнайы қысқы киіммен осы жылдың басында қамтамасыз еттік. Жолаушылар вагондарының қысқы режимде жұмыс істеуге дайындығына келсек, қазір 209 вагон жылытылып, қажетті дайындық үрдістерінің бәрінен өткен. Барлық нысандарда жылу беру маусымына тастүйін дайын болып, қазір жылу берілген, – деп сөзін түйіндеді филиал бас инженері.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## АҚПАРАТ

### КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ МЕЖЕГЕ ЖАҚЫН

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бойынша биылғы жылға жоспарланған ірі жұмыс – жолға 13 шақырымдық күрделі жөндеу жүргізу болатын. Құрылыс жұмыстарын қараша айында бітіру межеленген еді. Дегенмен қазірдің өзінде жоспардың 85 пайызы орындалды.



Күрделі жөндеу 19 қыркүйекте басталған еді. Ол Маңғыстау теміржолының №13 бекет пен Шетте станциясы аралығындағы 13 шақырымды қамтиды. Бүгінде содан 11 км жол табанын күрделі жөндеу аяқталды, түйіспелі рельстердің орнына түйіспесіз рельстер төселіп, ағаш шпалдардың орнына темірбетонды шпалдар салынуда.

– Күрделі жөндеу жұмыстары бітуге тап қалды. Жөндеу аяқталғанын Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бойынша жол жағдайы бүгінгідей де жақсара түспек. Жолдың сапасы артып, қозғалыс та көтеріліп, барынша қолайлы жағдай туады. Қоршаған ортаға шығатын шу азаяды. Түйіспесіз жолдың буынды жолдан айырмашылығы түйіспелерге жұмсалған бекітпелер үнемді болады. Темірбетонды шпалдардың да қызмет көрсету мерзімі ағаш шпалға қарағанда 3-4 есе жоғары, – деді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің бастығы Марлен Көктеубаев.

Күрделі жөндеуді жүргізіп жатқан мердігер компания «Теміржол жөндеу» ЖШС қарасты «Ақтөбе» ЖМС осы салаға маманданған, тәжірибесі мол мекеме болғандықтан сапаға сын болмайды деп сендіріп отыр. Арнайы техника және адамдары бар, жеті вагонмен Шетте станциясына келіп қоныстанған мердігерлер күздің жаймашуақ күндерін пайдаланып жұмысты қарқынды жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар, бөлімше бойынша жыл басынан бері жолдың жағдайын жақсарту мақсатында бүйірлік тозуға байланысты №12-13 бекет аралығында ескі материалдармен 1 км рельс ауыстырылған. Сам-Ноғайды-Тұрып, Өзен-Бастау аралықтарына 62 км малға қарсы қоршау салынған. 24 км қоршау жөндеуден өткізілген. Теміржол өткелінде жол-көлік оқиғалары мен кептелістер орын алмау үшін және жүргізушілердің жүрісін бақылау мақсатында теміржолшылар жергілікті әкімшілік пен полициямен бірлесіп біраз жұмыстар жүргізілген. Мың жарымға жуық автокөлік жүргізушісіне «Теміржол өткелінен өту ережесі» таныстырылған. Жаңаөзен қаласының 181 шақырымында орналасқан теміржол өткелі маңына бейне бақылау орнатылған. Маңғыстау станциясының 2 шақырымында орналасқан өткелдегі автожолды кенейту жоспарланып отыр екен.

Өткен тоғыз айда қозғалыс қауіпсіздігін бұзу дерегі тіркелмеген. Жол өлшегіш вагонының бақылау тексерісі қорығандысы бойынша жол күтімі 62 бірлікке орындалған немесе 107 пайызды құраған.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау  
Суретті түсірген автор

## БҮГІНГІ САҢ

ӨТКЕН 9 АЙДА ҚТЖ  
БОЙЫНША

**73,1** млн  
тонна

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ЖҮК  
ТИЕЛГЕН



## ЖАҢАЛЫҚТАР

## СТАНЦИЯҒА ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ



«Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының «Жас Өркен» жас мамандарды дамыту бағдарламасы аясында іріктелген бір топ жастар Нұр-Сұлтан-1 станциясына экскурсияға келді. Оларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабылова бастаған тәжірибелі тәлімгерлер станция жұмысымен таныстырды.

Сол жастардың бірі, «Жас Өркен-2020» бағдарламасының жас маманы Жақсылық Мулдақұловтың мақсаты – осы мүмкіндікті пайдаланып, қорға қарайтын бірнеше компанияда тәжірибе жинақтау және болашақта HR саласында басқарушы болуға дайындалу. Оның бірінші ротациясы ҚТЖ-да, соның ішінде адами ресурстарды басқару департаментінде өтетін болыпты.

– 14 қазанда осы бағдарлама жастарына елорда станциясының дөңес қосынына экскурсия ұйымдастырылды. Мұнда біз бірнеше бағыт бойынша дөңес алды паркке келетін пойыздардың қалай құрастырылатынын көрдік. Ротация 14 қыркүйекте басталды, енді келесі жылдың 29 қаңтарына дейін осы ҚТЖ-да жалғасады. Соның тағы 3 компанияға барамыз. Әр компанияға 5 айдан уақыт берген, жалпы барлығы сонда 2 жыл осы бағдарлама аясында тәжірибе жинақтаймыз, – дейді ол.

Аталған бағдарламаға биыл іріктеудің 5 кезеңінде жеңіп шыққан 25 маман қабылданды. Соның ішінде 4 жас маман ҚТЖ-ға бөлінген. Соның бірі Жақсылық HR саласына бөлінсе, Темірлан – PR, Владимир – Қозғалыс қауіпсіздігі департаментіне, ал Айжан Жолаушылар тасымалына бөлінді.

Нұрай САРСЕНҒАЛИ  
Суретті түсірген автор

## ӨТКЕЛДЕГІ ОҚИҒА

Маңғыстау темір жолының Өмірзақ ауылы тұсындағы теміржол өткелінде жүк пойызы мен автобус соқтығысып қалды. Жол-көлік оқиғасы 15 қазан күні Нұр-Сұлтан уақытымен таңғы сағат 7:50 шамасында болған.

Облыстық полиция департаментінің баспасөз хатшысының мәлімдеуінше, автобус жүргізушісі жүк пойызының келе жатқанын байқамаған. Оған қатысты әкімшілік хаттама толтырылған. Оқиғадан зардап шеккендер жоқ. Дегенмен теміржол мүлкіне белгілі дәрежеде зақым келген. Аяққа арналған тіреу болттары бүгіліп, жыртылған. Соңғы клапанды бекіту қраны бүгілген, негізгі құбыр қронштейн аймағында бүгілген. СА-3 автоматты қосқышында соқтығысуың іздері бар.

– Бұл оқиға болған өткел бізге жатпайды. Дегенмен Маңғыстауда болғасын бей-жай қарап отыра алмаймыз. Біз де өз тарапымыздан осындай деректердің қайталанбауы үшін жұмыстанудамыз. ДӘУ маркалы мемлекеттік нөмірі № 176 УО автокөлігімен 27 вагоны бар мұнай өнімдері тиелген жүк пойызы соғысқан. Ол «Ретролеш» ЖШС меншігінде болған. Соңғы жоспарлы жөндеу 2019 жылғы желтоқсанда Павлодардағы вагон депосында өткен. Енді деполық жөндеуді қажет етеді. Теміржолдың қауіпті аймақ екенін білсе де азаматтар сақтықты ұмытып кететіні бәрімізді қынжылтып отыр. Өткелдерде автокөлік жүргізушілері қажетті ережені сақтамай, осындай оқиғаларға ұрындырады. 2017 жылы Өзендегі теміржол өткелінде болған жағдай баршаға сабақ болуы тиіс. Сондықтан біз бөлімше бойынша автокөліктер көп өтетін бес теміржол өткелінің бәрине де бейнебақылау қойдық. Олар – күзетілетін, шлагбаумы, сигнализациясы бар өткелдер, – дейді оқиға туралы мәлімет берген Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Маңғыстау аймағы бойынша бас ревизоры Болат Дүйсілиев.

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау

ШЕКАРАДА  
ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ

Эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты Атырауда карантин тағы да ұзартылды. Соған орай, облыстық мемлекеттік санитарлық бас дәрігер А.Шаровтың кезекті қаулысы шығып, онда өңірдегі карантин шараларын қатаң сақтау және шекарааралық қатынаста инфекцияның таралуына жол бермеу тәртібі бекітілген.

Атырау облысы Ресейдің Астрахань облысымен шектеседі. Халықаралық қатынастардың тоқтауына байланысты бұл бағыттағы жолаушы пойыздары жүріп жатқан жоқ, бірақ Ганюшкино станциясындағы теміржолшылар өз жұмысын жалғастыруда. Атап айтқанда, станция кезекшілері, вагоншылар, жүк кассирлері, локомотившілер, т.б. мамандар шекара арқылы өтіп, Аксарай станциясына барып жұмыстарын бітіріп келеді. Сол секілді Ресей теміржолшылары да бергі бетке өтеді.

Соған сәйкес бас дәрігердің қаулысында «ҚТЖ» ЖШС Атырау филиалына COVID-19 инфекциясының таралуына жол бермеу, Ганюшкино станциясында жұмысшыларды міндетті термометриядан өткізуді қамтамасыз ету тапсырылған. Ганюшкино станциясының бастығы Теңел Исмағұловтың айтуынша, станцияда эпидемиологиялық шаралар қатаң сақталып отыр. Жұмысқа келген сәттен барлық жұмысшылар термометриядан өтумен қатар дәрігерлік тексеруден де өтеді. Олардың жұмыс денсаулығы қаралып, қан қысымы өлшенеді, жұмысқа қабылеттігі тексеріледі. Одан бөлек әр төрт сағат сайын дене қызуы тексеріліп отырады. Бір және көп реттік беттерде, антисептик, басқа да қорғаныш құралдарымен барлық жұмысшылар қамтамасыз етілген. Шекарадан әрлі-берлі өткен сайын да үнемі тексеріліп отырады. Ресей жағында да сондай шаралар қарастырылған. «Қазіргі уақытта қауіпті жағдай тіркелген жоқ, барлық жұмысшылар аман-сау. Жұмыс қалыпты деңгейде жүріп жатыр» дейді станция бастығы. Қосқұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

## КАДР САЯСАТЫ

## ЕРТЕҢГІ ЖЕТІСТІК – БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның биылғы жылы жүзеге асырып отырған ең ірі де ауқымды жобасы – трансформациялау жобасы шеңберінде тасымалдау процесін автоматтандыру. Тарихи жоба деп танылып отырған «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» еліміздің бірнеше ірі аймағында құрылып, пойыздар бір орталықтан басқарылатын болады.

Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Бүгінде басты аймағы бойынша Ақтөбеде құрылған орталыққа Ақтөбені қосқанда Орал, Атырау, Маңғыстау – төрт аймақтың диспетчерлік шеңберлері біріктірілді. Өткен аптада «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік мәселелер және HR жөніндегі орынбасары Серік Әбденов бастаған топ Ақтөбеге жұмыс сапарымен келді. Осыған дейін де болып, орталықтың жарақтандырылуы мен қоныс аударған қызметкерлердің орналасуын назарда ұстаған Серік Сақбалдыұлы қоныс аударған диспетчерлермен кездесіп, жағдайларымен танысып, қажеттіліктері сұралды. Әр диспетчердің қанша ауамақты бақылауға алатынынан бастап, техникалық жағдайды қауіпсіздік мәселелері де сөз болды.

«Қазақстан темір жолында іске қосылып жатқан «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы» – үлкен жоба. Бір облыста отырып, 2000-3000 шақырымдағы бағыттаманы бұру, бағдаршамның шамын өзгерту процесі бұрын үш ұйықтасқа та түсімізге кірген жоқ. Орталық – цифрландыру мен автоматтандыруға батыл қадам жасалуда. Диагностикалық комплекстер жүріп жатыр. IT-система дамуда. Ішкі тасымалдау процесін қағазсыз жүргізу толықтай қолға алынды. Осыған дейін әр қадам телеграммамен жасалды. Ол жерде адами фактор көп. Ал қазір біздің қызметті пайдаланушы адам теміржол бөлімшелеріне келмесе де болады. Барлық құжатты үйде отырып рәсімдей алады. Құжаттардың 96 пайы-



зы электронды түрде жасалады. Ал осы жобаның Ақтөбеден бастау алуы сіздердің бөлімшелеріңізге абырой. Бастамаға бірден қолдау білдіріп, сенген, қолдан келген мүмкіндікті жасаған Бөріхан Смағұлұлына алғысым шексіз. Бұл – үлкен көш. Бүгін Ақтөбеге қоныс аударып, жұмыстарын бастаған жастар ертен-ақ қанаттарын жайып, үлкен ордалы отбасы болады», – деді Серік Әбденов.

Кездесуде әр диспетчердің жағдайына ерекше көңіл аударып, қоныс аударғандардың өтемақысына қатысты сұрақтардың қайта қаралатыны айтылды. Осыған дейін орталыққа ауыстырылған әр диспетчерге 25 АЕК көлемінде өтемақы бір жыл бойы төленіп, жалақыда болған айырмашылықтардың да өтелетіні айтылған еді. Көпбалалы

отбасылардың пәтер жалдауға көп шығындалатыны ескеріліп, сұрақтар қайта шешілетіні жеткізілді.

Басқосу әрі қарай тарихи орталықтың алдына көшет отырғызумен жалғасты. Басшылық құрам диспетчерлер мен ақтөбелік үздік теміржолшы жастармен бірлесе теміржолшылар бағының алғашқы көшеттерін отырғызды. Сондай-ақ, Серік Әбденов үздік бастамаларға мұрындық болып жүрген аймақтағы белсенді жастармен кездесті. Еркін әңгімелесу түрінде өткен басқосуға 100 жаңа есім жобасының жеңімпаздары жиналды. Жас теміржолшылар алдында сөз сөйлеген Серік Сақбалдыұлы компаниядағы нақты жобаларға да кеңінен тоқталды.

«Басты мәселенің бірі – еңбек өнімділігі. Бәсекеге қабылетті болу

үшін әрдайым өзімізді дамыған мемлекеттермен салыстырып және соған жетуге ұмтылуымыз керек. Мәселен, көрші Ресейде еңбек өнімділігі бізден екі есе жоғары. Локомотивтердің, вагондардың жүру ұзақтығы, басқа да әртүрлі өндірістік көрсеткіштер бізден жоғары. Бізде еңбек өнімділігі төмен болғандықтан жалақымыз да төмен. Сондықтан еңбек өнімділігін көтеруге тиіспіз», – деген Серік Әбденов оның алғышарттарына да тоқталды.

Өз кезегінде ақтөбелік жастар да жарыса сөз алып, компаниядағы жаңа жобалар мен мүмкіндіктер туралы айтты. «100 жас есім» жобасының жеңімпазы Темірхан Аманқұлов қазірде арнайы сайттарға енгізілген бос жұмыс орындарының тізімі теміржолшылар арасында сенімге ие болып үлгергенін жеткізді.

Теміржолшы жастар бұрынғы министрдің жетістіктеріне қатысты сұрақты да айналып өтпеді. Кезінде еліміздің ең жас министрі атанған Серік Сақбалдыұлынан үздік маман, көшбасшы болудың қыр-сырын сұрап, шағын шеберлік сабағын алды десек болады.

«Жетістіктің үлкен құпиясы не сиқыры жоқ. Отбасында алған тәрбие – алғашқы өмірлік сабақ. Әкем кішкентай кезімнен еңбекқорлық пен жауапкершілікті талап етті. Сосын жас маманға жұмыс жасауға, өз қарым-қабілетін көрсетуге мүмкіндік берудің өзі оны қолдау. Әрі қарай бәрі өзіңе байланысты. Ертенгі жетістік – бүгіннен басталады. Қиындықсыз болмайды, оған дайын бол, шыда, өзіңді өзін қайра, өзіңнен есеп алып жүруді әдетке айналдыр. Спорт адамға жақсы мінез қалыптастырады» деп жастарға кеңес берген Серік Сақбалдыұлы басқосуды үздік теміржолшы жастарды марапаттаумен аяқтады.

Осыдан кейін Президент атындағы саябаққа барып, жүгіруден жаппай марафон өтті. Жастармен қатар сапқа тұрған Серік Әбденов те жаман нәтиже көрсеткен жоқ.

Суретті түсірген автор

## КҮЗП СЫН

## КЕМШІЛІКТІ ЖІПКЕ ТІЗГЕН ЖИЫН

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша күзгі комиссиялық тексеру жұмыстарының нәтижесін талқылаған кеңес болып өтті. Оған барлық станциялар мен бөлімдер басшылары, шаруашылық ревизорлары түгел қатысты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Жиынды ашқан бөлімше басшысы Сиязбек Әлішев қыркүйек айының 14 мен 30 аралығында өткен күзгі байқау жайлы сөз қозғап, орын алған олқылықтардың себептері және оларды жою бойынша кешенді шаралар қатарын қабылдау керектігін жеткізді. Бөлімшенің бас ревизоры Темірбек Ақшалов комиссиялық тексеру барысындағы анықталған кемшіліктер жайлы кеңінен баяндама жасады. Белгілі болғанындай байқауда пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне өрескел түрде қауіп тудыратындай ақаулықтар байқалмаған. Алайда, шаруашылық ревизорларының көңілі толмай-



тын бірқатар мәселелер бар. Атап айтсақ, шалғай станциялардағы кейбір мамандар соңғы өткізілген техникалық дәріс бойынша қойылған сұрақтарда мүдiрген. Осының өзі қозғалыс және вагон пайдалану шаруашылықтары басшыларының жиын барысында орындарынан тұрып жауап берулеріне себеп болды. Сала жетекшілерінің айтуынша, бұл кемшілік карантиндік шектеулер кесірінен орын алған. Сондықтан да аталған станциялар бойынша қосымша жұмыс жүргізіліп, олқылықтар көп ұзамай жойылатын болады. Ол бағыттағы шараларды жауапты мамандармен бірге депо басшыларының өзі қатаң назарға алмақ. Сонымен қатар, жол шаруашылығы бойын-

ша бірқатар мекеме өкілдері сын естіді. Бұл ретте шаруашылық ревизорлары орын алған кемшіл жұмыстарды ретімен тізбелеп берді. Мәселен, кейбір телімдер бойынша рельстер аралығында қаулап өскен шөптесін өсімдіктер жойылмаған. Ал, бұл жайт қысқы мезгілде жауған қарды одан әрі қалыңдатып, қозғалысқа кедергі келтіреді. Осы орайда Жаңа-Семей жол дистанциясының жолшылары алғашқы қар түскенге дейін жұмыс жүргізіп, жолды тазалау керектігі тапсырылды.

Сонымен қатар, шығыс аумақтағы кейбір жеке-леген станциялар бойынша жарықтандырылу нашар екені айтылып, тез арада теміржолшылар үшін қолайлылықты арттыру керек деп шешілді.

Жиын барысында сөз алған Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукеежанов алдағы уақыттағы атқарылар шаралар қатарына да тоқталды. Яғни, ендігі аралықта жолшылар телімдік жұмыс жүргізуге көшетіңдіктен жауапкершілік жүктемесі арта түспек. Әсіресе, қысқа даярлық бойынша атқарылар шаралар ауқымы арта түспек.

Талқылау жиынында бөлімше басшысы Сиязбек Әліпбайұлы жауапты мекемелер мен станциялар басшыларына өткір сұрақтар қойып, орын алған кемшіліктердің себеп-салдарына жіті үңілуге шақырды.

Кемшілікті жіпке тізген жиын соңындағы хаттамаға сәйкес бірқатар басшыларға сөгіс жарияланды.

Суретті түсірген автор

## СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

## ШАҒЫН БОЛСА ДА ШАРУАСЫ МЫҒЫМ

Сайрам – Шымкенттің іргесіндегі, оңтүстіктің шырайлы тұсында орналасқан шағын станция, небәрі 8 теміржолшы еңбек етеді. Сексен жылға жуық тарихы бар аядай ұжым қозғалыс қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз етіп, теміржол тасымалына өз үлесін қосып келеді.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,  
Түркістан

Станцияда төрт жол бар, басты жол, тұйыққа қабылдау-жөнелту жолы, вагондардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жөнелту жолы. Станция басшысы Марат Арапханнның айтуынша, жолдар жөндеуден өткізілген, ПЧ-53 жұмысшылары қалпына келтіру жұмыстарын уақытылы орындауда. ПЧ тарапынан станция паркінде 2 жоғары вольтті шам орнатылыпты. Біреуі станция алдында болса, екіншісі парктің ортасында орналасқан. Жарықтандыру мәселесіне шағын жоқ екен.

Сайрам станциясынан көбіне құрылыс шикізаттары, яғни өңделмеген және дайын заттар, мұнай өнімдері – дизельді жанармай, бензин және бидай түсіріледі. Бұдан басқа, бидай өнімдері, ұн, дайын құрылыс заттары мен темір тиеліп, жөнелтіледі. Станция жолынан екі жақтан да жұп және тақ

пойыздарды қабылдау мүмкіншілігі бар. Бірден 40 вагонға дейін қабылдай алады. Айына вагон айналымы шамамен 265 вагонды құрайды, 250 вагон жүк түсірілсе, 15 вагон жүк тиеледі. Сондай-ақ, Сайрамда вагондар тарқатылғанымен, сұрыпталмайды екен. Станция толығымен КІОК АБЖ (АСУ ДҚР) жүйесіне қосылған. Қағазсыз технология мұнда да жұмыс жасап тұр.

– Жыл басынан бері станцияда атқарылған жұмыстар аз емес, станция ғимаратының шатырын толығымен ауыстырып, аумағын қоршап көгалдандырдық. Станцияға тиісті аймақтарда апта сайын қоқыстар тазартылып, қыста қардан, көктем мен жазда ай сайын шөбін орып отырамыз. Жылына екі рет косметикалық жөндеу жұмысын жүргізіп, керекті жерлерін сырлап, әктеп отырамыз. Өткен жылы дәлізе кафеһ төсеп, 2 кабинеттің едені жаңартылған болатын. Қысқасы, менімен қосқанда 4 станция кезекшісі, 1 тауар кассирі, 2 жүк қабылдаушы болса да теміржолшыларға жұмыс істеуге жайлы жағдай жасалған. Ал карантин



уақытында станция Түркістан облысының бас дәрігері шығарған үкімге тиісті жұмыс жасады. Яғни күніне мекемені екі мезгіл хлормен тазалап, ескерту мен қауіптің алдын алу туралы ережелерді көрнекілендіріп, тиісті жерлерге іліп қойдық. Одан бөлек дезинфекция құралдары орнатылды. Арақашықты сақтай отырып күнделікті жұмысымызды үзбей жалғастырдық, – дейді станция басшысы Марат Арапхан.

Станцияда еңбек қорғау жағдайы толығымен сақталған. Әрбір жұмысшыға кестемен сәйкес маусымдық киімдер беріліп отырады. Жол апаты мен мал қағу фактілері орын алмаған.

Суретті түсірген автор



## КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

## ВРЕМЯ УСТРАНЯТЬ ОШИБКИ

В Павлодарском регионе завершен осенний комиссионный осмотр, в ходе которого комиссия выявила 1 441 замечание. Железнодорожникам предстоит исправить все замечания до наступления первых холодов.

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар

В целях обеспечения устойчивой работы хозяйства перевозочного процесса в зимний период, а также обеспечения безопасности движения и безопасных условий труда, своевременного устранения отступлений от норм содержания объектов инфраструктуры с 14 по 28 сентября руководством Павлодарского отделения грузовых перевозок и Павлодарского отделения магистральной сети проведен осенний осмотр. Ревизоры проверили 45 раздельных пунктов, состояние инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, технических средств и выявили отклонения в их содержании. Особое внимание

уделено состоянию безопасности движения, противопожарной безопасности и охране труда, осмотры производственных зданий и помещения, объекты водо-, теплоснабжения. В результате комиссии выявлено свыше 1 400 замечаний.

Так, в Павлодарской дистанции электроснабжения ревизоры проверили состояние устройств электроснабжения участка Атыгай – Майкайын – Екибастуз-3 – Ушкүльын – Павлодар – Дегелен. Они осмотрели оборудование контактной сети, тяговых подстанций, районов электроснабжения. В ходе обследования установлено, что за восемь месяцев на предприятии не допущены нарушений работы – обеспечивалось устойчивое электроснабжение тяги поездов, устройств СЦБ и связи. Кроме того, нет браков, повреждений. Правда, по итогам про-

верки комиссия выявила 123 замечания, из них 53 к настоящему моменту устранены. Руководством дан ряд поручений энергетикам: ревизия и регулировка воздушных стрелок на контактной сети, установка дополнительных и поддерживающих струн, упорядочение спусков индивидуальных и групповых заземлений, обновление диспетчерских наименований и знаков безопасности, усиление контроля над выполнением работниками требований научно-технической документации по безопасности движения, проведение качественного производства обходов с объездами контактной сети, линии ДПР. Также им нужно взять на контроль освещение по станциям, переездам, трансформаторных подстанциях.

На минувшей неделе руководство отделений грузовых перевозок и магистральной сети провело совещание. Железнодорожники обсудили все ошибки в работе хозяйств. За ненадлежащее исполнение своих должностных обязанностей привлечены к дисциплинарной ответственности руководители линейного уровня. Директорам филиалов дан ряд поручений по устранению выявленных замечаний в ходе осеннего осмотра.

Сейчас у железнодорожников главная задача – успеть завершить подготовку к работе в зимний период до наступления холодов.

## АКТУАЛЬНО

## ЛОКОМОТИВЫ ГОТОВЯТ К ЗИМЕ

Подготовку автотормозного оборудования подвижного состава для работы в зимних условиях обсудили в ходе ежегодных конференций в эксплуатационных локомотивных депо с представителями вагонных служб. На этот раз из-за пандемии коронавируса встречи проходили в онлайн-формате.



**Роман ЛЮБИМОВ**

Конференции состоялись в рамках осеннего комиссионного осмотра. Цель – оценка технического, культурного и противопожарного состояния

локомотивов и подготовка их к работе в зимний период.

В ходе онлайн-встреч проведена своего рода сверка часов перед наступлением холодов и обсуждены вопросы по обеспечению безопасности

движения в зимний период.

Кроме того, отмечалось, что в локомотивных депо особое внимание уделяют подготовке машинистов-первозимников и осмотриков поездов пунктов технического обслужи-

вания вагонов. С работниками локомотивного и вагонного хозяйств проводятся технические занятия по управлению автотормозами в период низких температур и практические занятия по выявлению и устранению неисправностей автотормозного оборудования. За каждым первозимником закреплен опытный наставник.

В план технических занятий для новичков включены темы по эксплуатации и подготовке тягового подвижного состава, охране труда. В этом году при их обучении акцент делается на профилактике Covid-19.

Готовятся к работе зимой и производственные здания, в их числе административно-бытовые комплексы, санитарно-технические здания, здания цехов эксплуатации и другие.

В локомотивных депо проведена работа по проверке и приведению в исправное состояние оборудования для борьбы с обледенением контактного провода на электроподвижном составе (вибропантографы) и по подготовке рельсосмазывателей к эксплуатации в зимний период.

Железнодорожники заверили, что техника, подготовленная к эксплуатации в холода, не преподнесет неприятных сюрпризов.

